


# ГИПОКСИЯ

Құрастырған  
Профессор  
Нұрмұхамбетұлы Ә.Н.



# Дәрістің мақсаты

- Гипоксия түсінігімен таныстырып, оның түрлерін, пайда болу себептері мен даму жолдарын және организмде гипоксиядан дамитын дерптік үрдістерді талдап үйрету.

**Гипоксия атаусөзі (грек. Нуро - аз, төмен, oxygenium- оттегі сөздерінен) ағзалар мен тіндерде оттегінің жеткіліксіздігін немесе (грек. Нуро-oxydation-тотығу сөздерінен) биологиялық тотығу үрдісінің жеткіліксіздігін білдіреді.**

# Гипоксия

- - тіндерде биологиялық тотығу үрдісіне қажетті оттегінің организмге аз тұсуінен немесе оның дұрыс пайдаланылмауынан дамитын біртекtes дерпттік үрдіс.

## Организмде оттегі теңгерлімінің қалыпты көрсеткіштері:

- артериалық қанда оттегінің үлестік қысымы ( $pO_2$ )  
– с.б.б. 80 – 100 мм;
- артериалық қанның оттегіге сыйымдылығы  
– 20 көлемдік% немесе 100 мл қанда 20 мл.  
оттегі болады;
- веналық қанның оттегіге сыйымдылығы –15  
көлем. %;
- артериалық және веналық қандарда оттегінің  
мөлшері бойынша айырмашылық 5 көлем. %;
- гемоглобиннің оттегіге қанығу мөлшері :
  - артериалық қанда: 95 – 98 %
  - веналық қанда: 65 %

# Организмде оттегінің қалыпты көрсеткіштері қалыптасуы:



# 1. Дем алатын ауада оттегінің үлестік қысымы (pO<sub>2</sub>):

- Барометрлік қысымның деңгейіне;
- Жабық бөлмелерде ауаның алмасып тұруына – байланысты.

Дем алатын ауада оттегінің үлестік қысымы атмосфералық қысымның 1/5 бөлігін құрайды. Теніз деңгейінде 1 атмосфералық қысым с.б.б. 760 мм болғанда, pO<sub>2</sub> с.б.б. 150 мм шамасында болады.

## 2. Тыныс алу жүйесінде:

- Өкпе ұяшықтарының желдетілуі (вентиляциясы) нәтижесінде олардың ауасында  $pO_2$  с.б.б.110 мм болады;
- Оттегі көп жағынан аз жағына қарай өкпе ұяшықтары мен қылтамырлар қабырғалары арқылы веналық қанға жайылып тарайды (газдардың диффузиясы);
- Өкпе ұяшықтары қабырғалары арқылы жеткілікті қан өтіп тұруы қажет (өкпенің перфузиясы).

**3. Веналық қанға өткен оттегі гемоглобинмен байланысып, оны тотықтырады (оксигемоглобин құрылады).**

**Ол үшін қанда:**

- Гемоглобин (120-160 г/л);
- Эритроциттер ( $4-5 \times 10^{12}/\text{л}$ ) – жеткілікті және гемоглобиннің сапалық құрылымы дұрыс болуы қажет.
- Оксигемоглобин **артериалық қанда - 95-98%, көктамыр қанында - 65%**

#### **4. Тотыққан гемоглобин ағзалар мен тіндерге жүрек-қан тамырлар жүйесімен тасымалданады**

- Эрбір 1 минут сайын денеде ағып өтетін қанның көлемі (жүректің минуттық көлемі) 4,5-5 л/мин.

**5. Тіндерде биоло-  
гиялық тотығудың  
маңызы.**

- Глюкоза, глицерин, май қышқылдары және кейбір аминқышқылдары ыдыратылуынан пайда болған ацетил-КоА митохондрийларға еніп, Кребс оралымында энергия түзіледі (40%-ы бос жылу түрінде және 60%-ы АТФ түрінде).

## **Тотығу-тотықсыздану реакцияларына қатысатын ферменттер:**

- Никотинамиддинуклеидтерден (НАД),  
флавинамиддинуклеидтерден (ФАД)  
тұратын ферменттер;
- Дегидрогеназалар (тотығатын  
заттардан сутегі атомын бөліп  
алады);
- Цитохромдар оттегі молекуласына  
электрон мен  $\text{H}^+$  тасымалдайды.

- Цитохромдар темір ионының қатысуымен электрон тасымалдайды. Тотыққан  $\text{Fe}^{3+}$  бір электрон қосып алып тотықсызданған  $\text{Fe}^{2+}$  айналады. Олар  $\text{H}^+$  мен электронын  $\text{O}_2$ -ге беріп, су және энергия өндіріледі.

# Гипоксияның себептері:

1.Дем алатын ауада оттегінің үлестік қысымы ( $pO_2$ ) азаюы


2.Тыныс алу жүйесінің қызметтер і бұзылуы

3.Қанның оттегіге сыйымд ылығы азаюы

4.Жүрек-кан тамырлар жүйесінің бұзылыст ары


5.Тіндерде тыныстық ферменттердің белсенділігі төмендеуі

# *Гипоксиялардың жіктелуі*




- Қазақ дейтін халықтың баласымын,
- Той-думанда елнер дарасымын.
- Жан әпкесін көретін әулиедей,
- Соған сеніп айтатын және сырын.
- Қазақ дейтін халықтың баласымын,
- Көңілдердің тілейтін жарасуын.
- Айлық жерден келетін той шақырса,
- Тілге ғана беретін бар ашуын.
- Қазақ дейтін халықтың баласымын,
- Алда талай алынар бар асуым,
- Арман жолы жүрерім, бақыт жолы
- Мүмкін емес сол жолда адасуым,
- Қазақ дейтін халықтың баласымын. (Тұманбай Молдағалиев)

# Экзогендік гипоксия



# Атмосфералық қысым мен оттегінің үлестік қысымының ( $\text{PO}_2$ ) арақатынасы

Дем алатын ауда  $\text{PO}_2$  мм с.б.б.



# ГИПОБАРИЯЛЫҚ ГИПОКСИЯ

ДЕМ АЛАТЫН АУАДА РО<sub>2</sub> АЗАЮЫ

ГИПОКСЕМИЯ

ТЫНЫСТЫҚ ОРТАЛЫҚ ҚОЗУЫ

ГИПЕРПНОЭ

ГИПОКАПНИЯ, ТЫНЫСТЫҚ АЛКАЛОЗ

Тыныстық орталықтың тежелуі

Брадипное

Метаболизмдік ацидоз


# Таулық ауру



# Таулық аурудың жіті түрі

- **Тез арада тауға көтерілгеннен соң:**
  - ✓ **бас ауыруы;**
  - ✓ **ерін мен саусақ ұштары**  
**көгілдірленуі;**
  - ✓ **терінің бозаруы;**
  - ✓ **жұмысқа қабілеті тәмендеуі;**
  - ✓ **үйқының бұзылуы;**
  - ✓ **анорексия;**
  - ✓ **жүрек айну, құсу т.б. байқалады.**

# *Биіктікке көтерілгендеңі адамның қағазға жазуының өзгерістері* (И.Р.Петров)



# Сұлде таулық аурудың көріністері:

- Эритроцитоз;
- Тахикардия;
- ОЖЖ бұзылыстары, мый ісінуі, психикалық азғындау;
- Тыныс алудың бұзылыстары, өкпе эмфиземасы, экспирациялық ентік, үзілісті тыныс, өкпе ісінуі, прекапилярлық гипертензия;
- Онжақ жүрекшे қызметінің жеткіліксіздігі

# Нормобариялық гипоксия (қалыпты барометрлік қысым жағдайында желдетілмейтін бөлмеде тұру)

- дем алатын ауада оттегінің үлестік қысымы азауы ( $pO_2 \downarrow$ );
- гипоксемия;
- гиперkapния;
- метаболизмдік және газдық ацидоз

# ТЫНЫСТЫҚ ГИПОКСИЯ

- Өкпе желдетілуінің бұзылуынан;
- Өкпеде оттегінің диффузиясы бұзылуынан;
- Өкпе арқылы қан өтуінің (перфузия) бұзылуынан.

## Тыныстық гипоксия кезінде:


- Қанда:
  - ✓ оттегінің үлестік қысымы ( $pO_2$ )  (гипоксемия);
  - ✓ көмірқышқылы газының үлестік қысымы ( $pCO_2$ )  (гиперkapния);
  - ✓ газдық және метаболизмдік ацидоz.

## ГЕМДІК ГИПОКСИЯ

- **Анемия кезінде (қанда гемоглобин молекуласы азаюынан);**
- **Гемоглобиннің оттегі молекуласын байланыстыру қабілеті төмендеп кетуінен (карбокси- немесе метгемоглобинге айналуынан).**

- Гемдік гипоксия кезінде қанның оттегіге сыйымдылығы қатты азаяды. Қанның оттегіге сыйымдылығы – Нв-нің оттегіні байланыстыратын ең үлкен мүмкіншілігі. Нв-нің бір граммы 1,34 мл О<sub>2</sub> байланыстырады. Сонда 100 мл қанда 14,5-16,0 грамм Нв болғанда, орташа есеппен 20 мл О<sub>2</sub> байланысады. Оны көлемдік% өлшемімен белгілейді

# *Оксигемоглобин құрылуды*



# Көміртегі тотығымен (СО) улану

Отынның толық жанып кетпеуді

↓  
СО құрылуды

Қанда карбоксигемоглобин (НbСО) көптеп  
құрылуды

↓  
Тіндерге  $O_2$  тасымалдануды бұзылуды  
(қанның түсі ашық қызыл, тері айқын  
қызғылтым)

# Метгемоглобин құратын заттар:

- Нитриттер, нитрататтар, селитра
- Анилин, метилен көгі
- Тотықтырғыштар – калий перманганаты
- Новокаин, сульфаниламидтер



Гемоглобин тотығуы ( $\text{Fe}^{+++}$ )  $\rightarrow$  MetHb



Тіндерге  $\text{O}_2$  тасымалдануы бұзылуы  
(қанның түсі қою қоңыр, тері сұр топырақтай)


# Циркуляциялық гипоксия

Жүрек-  
қантамырлар  
жүйесінің  
жалпы  
жеткіліксіздігі

Шеткөрі  
қанайналым  
бұзылыстары

Ишемиялық

Қан іркілулік  
(веналық  
гиперемия)



## **Қанайналымның жалпы жеткіліксіздігі:**

- Жүрек қызметінің жеткіліксіздігінде;
- Сілейме, коллапс кездерінде;
- Организмнің сусызыдануы кезінде – байқалады.

## Шеткегі қанайналым бұзылыстары:


- Жергілікті тіннің ишемиясы;
- Көктамырмен қанның ағып кетуі  
бұзылуы – кездерінде тіндердегі  
микроциркуляция бұзылыста-  
рынан дамитын (мәселен, жүрек,  
мый т.б.) гипоксиясы.

# Циркуляциялық гипоксия кезінде:


- Тіндер арқылы қан ағу жылдамдығы баяулайды;
- Артериалық қанда  $pO_2$  қалыпты мөлшерде;
- Веналық қанда  $pO_2$  қатты азаяды;
- Артериалық және веналық қанда оттегінің мөлшері бойынша айырмашылық ↑;

# Циркуляциялық гипоксия кезіндеңі артериялық және веналық қанда оттегінің айырмашылығы

қалыпты



Циркуляциялық гипоксия



- Жастарым, құмар болма көрінгенге,
- Жас күнде бойды үйретпе ерінгенге.
- Аз ойна да, көп ойла, осынымды ұқ,
- Өкінбе жастық бойдан серілгенде.
  - (Шәкәрім Құдайбердіұлы)

# **ТІНДІК ГИПОКСИЯ – тіндерде О<sub>2</sub> пайдаланылмауы немесе АТФ түзілуі бұзылуы**

- **тыныстық ферменттердің белсенділігі** ;
- **ферменттер түзілуі** ;
- **тотығу мен фосфорлану үрдістерінің бір-біріне үласпауы.**

- 1. Тыныстық ферменттердің белсенділігі химиялық улы заттардың (цианидтердің, монойодацетаттың, наркоздық дәрілердің, ішімдіктің т.б.) әсерінен жоғалады.

- 2. Тыныстық ферменттердің түзілуі витаминдердің (тиамин, никотин қышқылы, рибофлавин т.б.) тапшылығынан азаяды.


3. Тотығу мен фосфорлану үрдістерінің бір-бірімен үласпауынан АТФ өндірілуі бұзылады (митохондрий мемранасы бүлінуі, тіндерде  $\text{Ca}^{2+}$ , бос май қышқылдары, тироксин т.б. жиналып қалуы).

## Тіндік гипоксия кезінде:


- Артериалық қанда  $pO_2$  қалыпты;
- Веналық қанда  $pO_2$  көбейген;
- Артериалық және веналық қанда оттегінің мөлшері бойынша айырмашылық қатты азайған;
- Дене мүшелерінде цианоз байқалмайды.

# Тіндік гипоксия кезіндеңі артериялық және веналық қанда оттегінің айырмашылығы

қалыпты



Тіндік гипоксия



# Гипоксия түрлерінің айырмашылықтары:

түрлері	Артер. қанда pO2	Веналық қанда pO2	A-V қанда pO2 айыр- машылы- ғы	Қанның оттегегіге сыйымды- лығы	pCO2 мөлшері
Экзоген- дік			қалыпты	қалыпты	
тынысты қ			қалыпты	қалыпты	
гемдік			қалыпты		қалыпты
циркуля- циялық	қалыпты			қалыпты	
тіндік	қалыпты			қалыпты	

# Гипоксияға организмнің икемделіп-бейімделу жолдары:

Жедел дамитын:

- гипервентиляция;
- тахикардия;
- эритроцитоз;
- гемоглобин молекуласының оттегіге үйірлігі артуы және оны тіндерге беру қабілеті көтерілуі

Баяу дамитын:

- О<sub>2</sub> тасымалдайтын жүйе ағзаларының гипертрофиясы мен гиперплазиясы;
- тіндерде қылтамырлар мен миоглобин көбеюі;
- жасушаларда митохондрийлар көбеюі;
- сүйек кемігінде эритропоез артуы.


## Гипоксия кезіндегі зат алмасуларының бұзылыстары:

- Көмірсуларының, майлардың және нәруыздардың алмасулары аяғына дейін жүрмейді, аралық қышқыл өнімдер (сүт, пирожүзім, май қышқылдары, аммиак жиналып, метаболизмдік ацидоз дамиды. Энергия өндірілуі азаяды.



- Ағзалар мен жүйелердің қызметтері бұзылады.

# Жасушаларда некроз даму патогенезі



## ОЖЖ қызметтері бұзылыстары:

- мый қыртысының тежеуші әсерлерінен қыртыс асты құрылымдардың шығып кетуінен:

А) эмоциялық және қимылдық қозу;

Ә) тоқмейілсу (эйфория);

Б) тырыспа-селкілдек;

- ОЖЖ құрылымдары тежелуінен және әлсіреуінен:

А) тұнжырау, селқостық;

Ә) тыныстық және тамыр қимылдық орталықтар тежелуі;

Б) кома дамуы – байқалады.

# Жүрек-қантамырлар жүйесінде:

- **Миокардтың қозымдылығы, өткізгішітігі және жиырылғыштығы бұзылуы → тахикардия, аритмиялар, қанайналымның орталықтануы,**
- **Жүрек қызметінің әлсіреуі және қан тамырларының межеқуаты төмендеуі – байқалады.**

## **Тыныс алу жүйесінде:**

- **тыныс алу жиілейді;**
- **тыныс орталығының қозымдылығы төмендеуінен үзілісті тыныс алу байқалады;**
- **әкпеде қан іркілуі дамиды;**
- **әкпе ұяшықтары мен қылтамырлардың қабырғалары ісініп қалыңдайды.**

# Асқорыту жүйесінде:

- Ас қорыту сөлдерінің бөлінуі азаядь;
- Ішек-қарын жолдарының қимылдық әрекеттері әлсірейді;
- Бауыр қызметі бұзылады.

# Гипоксия:

Заттардың алмасуын, барлық жүйелер мен ағзалардың қызметтерін бұзды

Организмді шамалы гипоксияға мезгіл-мезгіл жаттықтыру арқылы оның қорғаныстық-бейімделістік мүмкіншіліктерін, көптеген дерт туындарын ықпалдарға төзімділігін арттыруға болады (гипокситерапия).

**Назарларыңызға рахмет!**

